

Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 - 2015 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 775 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 554 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 554 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – **Бағдарлама**) **бекітілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын **қамтамасыз етсін.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

9

маусымдағы

№

775

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.01.2014 № 32 қаулысымен.

Бағдарламаның атауы

Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2012 – 2015 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)

Өзірлеу негіздеме

үшін Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі отырысының 2011 жылғы 25 мамырдағы № 2 хаттамасы

Бағдарламаны әзірлеу үшін жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бағдарламаны іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
Мақсаты	Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіру және жұмыс тиімділігін арттыру
Міндеттері	Қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру Тәрбиелеу жұмысын, әлеуметтік-психологиялық жұмысты және сотталғандарды жұмыспен қамтуды жақсарту арқылы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың профилактикасы және алдын алу Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің материалдық базасын жаңғырту және нығайту Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталғандар мен тергеу қамауындағы адамдардың денсаулығын жақсарту Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың орындалуын ұйымдастыруды жетілдіру Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларын өтеген адамдарды қайта әлеуметтендірудің тиімділігін арттыру есебінен олар жасаған қылмыстардың қайталануын қысқарту
Іске мерзімдері	асыру 2012 – 2015 жылдар
Нысаналы индикатор	Сотталғандар (тергеу қамауындағылар) жасаған, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әкімшілігі жол берген қылмыстардың үлес салмағын 1000 адамға шаққанда 2013 жылы 1,8 %-ға, 2015 жылы 1,6 %-ға дейін төмендету Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың арасында өлімнің үлес салмағын 1000 адамға шаққанда 2013 жылы 2,89 %-ға, 2015 жылы 2,80 %-ға дейін төмендету Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдардың арасында қылмыстың қайталануын 1000 адамға шаққанда 2013 жылы 22,5 %-ға, 2015 жылы 18,3 %-ға дейін төмендету
Қаржыландыру көздері және көлемі	Бағдарламаны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 22 500,297 млн. теңге бөлу көзделіп отыр, оның ішінде 2012 жылы – 7 457,737 млн. теңге 2013 жылы – 1 398,695 млн. теңге 2014 жылы – 38,233 млн. теңге 2015 жылы – 13 605,632 млн. теңге 2013-2015 жылдарға арналған шығындар сомасы алдын ала жасалған және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде Республикалық бюджет комиссиясы нақтылайтын болады.

2. Кіріспе

Соңғы он жылдықтар ішінде Қазақстан Республикасында қылмыстық-атқару жүйесін жетілдіру шеңберінде бас бостандығынан айыру орындарында құқықтық тәртіпті нығайтуға, сотталғандарды ұстау жағдайын және олардың жазаларды

орындау тәртібін жақсартуға, азаматтық қоғамның пенитенциарлық жүйенің қызметіне қатысуын кеңейтуге мүмкіндік беретін бірқатар бағдарламалар іске асырылды.

Азаматтардың қылмыстық әділет саласына тартылуын азайту, қылмыстық репрессия шараларын үнемдеу мақсатында бұдан кейін де қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық шараларды, оның ішінде құрылған пробация қызметін жетілдіру жолдарымен кеңінен қолдану үшін жағдайлар жасау қажет.

Бас бостандығынан айыру әлі де қылмыстық жазалаудың негізгі түрі болып отырғанын ескере отырып, бас бостандығынан айырудың тәрбиелік құрамдауышын арттыру қажет. Әсіресе, сотталғандарды ұстау, түзеу-тәрбиелік ықпал етудің нысандары мен әдістерін одан әрі дамыту қажет. Бұл ретте бас бостандығынан айыруға сотталғандарды жұмыспен қамту проблемасын шешу өзекті болып табылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде тәртіптің жоғары талаптарын сақтау және қамтамасыз етумен қатар қылмыстық жазалардың орындалу процесін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету бойынша шараларды күшейту қажет.

Сонымен бірге, адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазаның осы түрін өтеп жатқан адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау бас бостандығынан айыру орындары үшін маңызды болып қалуда. Бұл саладағы перспективалы бағыттардың ішінде біртіндеп камералық ұстау тәртібіне көшу қажет.

Сондай-ақ, бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, әсіресе қылмыстық жазаларын өтеп отырған адамдардың науқастануының алдын алу жүйесі маңызды болып табылады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде қайта әлеуметтендіру саласында мақсатты мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі шаралар қажет.

Жоғарыда баяндалғандар өзекті проблемалар мен бастамаларды ескеріп, сондай-ақ бұрын қолданыста болған бағдарламаларға қатысты сабақтастық қағидасын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған бағдарламалық құжатты әзірлеу қажеттілігін негіздейді.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттарының бірі сотталғандардың түзеу, сондай-ақ олардың жаңа қылмыс жасауының алдын алу болып табылады.

Сонымен қатар, 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде сотталғандар санының жыл сайын азаюына қарамастан, олар жасаған қылмыстардың саны екі есеге дейін өскені тіркелген.

2011 жыл ішіндегі тәртіптік практикасына жасалған талдау 2010 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда республиканың түзеу мекемелерінде сотталғандар тарапынан жасалған бұзушылықтар 1000 адамға шаққанда 344-тен 438 жағдайға дейін немесе 21,4 %-ға өскенін көрсетеді.

Бұл ретте сотталғандар арасында жазаны өткерудің белгіленген тәртібін қасақана бұзу саны 2011 жылы 4053-тен 4868 жағдайға дейін өсіп отыр, бұл орайда 2011 жылы сотталғандардың жасаған қасақана бұзушылықтары 3571-ден 4280-ге дейін өсті.

Аталған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың өсуіне ең алдымен:

- жеке-тәрбиелік ықпал етудің жеткіліксіз пысықталған тетіктерімен негізделген тәрбие жұмысының осал ұйымдастырылуы;
- сотталғандарды жасақтық-барактық ұстаудың қолданыстағы жүйесі, оның басты бөлігі бір үй-жайда орналастырылған, бұл жазаны орындаудың жекешелендіру принципі негізінде түзеу-тәрбиелік ықпал етудің нысандары мен әдістерін дамытуға мүмкіндік бермейді.

Соңғы 10 жыл ішінде Атырау, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында камералық ұстау жағдайындағы тек 3 мекеме салынды, онда 1490 адам немесе 3,5 % сотталған жазаларын өтеуде.

Бірқатар жылдар бойы қаржының жетіспеушілігіне байланысты камералық ұстау жағдайындағы 3 түзеу мекеменің (Қызылорда және Орал қалалары, Алматы облысының Заречный кенті) құрылысы аяқталмай отыр;

- сотталғандардың еңбекпен қамтылмауы. Қазіргі таңда еңбекке жарамды 26061 сотталған адамның ішінде барлығы 11714 адам немесе 44,9 % жұмыспен қамтылған, олардың ішінде 6234-і қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында, шаруашылық қызмет көрсетуде 3005 және басқа ұйымдарда 2475 адам жұмыс істейді.

Түзеу мекемелерінің жанында қызмет ететін «Еңбек», «Еңбек-Қарағанды», «Еңбек-Өскемен» республикалық мемлекеттік кәсіпорындары өндірістік күштерінің ескіруіне байланысты еңбек етуге жарамды барлық адамдарды жеткілікті көлемде жұмыспен қамтамасыз ете алмайды;

- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері қауіпсіздігінің тиісті деңгейде, сондай-ақ олардың аумағында тыйым салынған заттардың кіру жолдарын толықтай кесуге мүмкіндік бермейтін инженерлік-техникалық күзет, бақылау

және қадағалау құралдарының қанағаттанарлықсыз жағдайы себеп болуда.

Осылайша, соңғы жылдары тыйым салынған заттарды алу санының өсуі байқалуда. Тек қана 2011 жылдың өзінде заңсыз айналымнан 11 млн. теңгеден аса тыйым салынған зат, 11 тонна спирттік ішімдік, 10 мыңнан астам ұялы байланыс құралдары және 12,5 мың кескіш-тескіш заттары алынды.

Сотталған адамдарға медициналық қызмет көрсету сапасы проблемалық мәселе болып қалуда.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің медициналық құрал-жабдықпен жабдықталуы ең төменгі нормативтің 20-дан 60%-ын құрайды. Медициналық бөлімдердің кейбірі қарапайым диагностикалық аппаратурамен жабдықталмаған, бұл диагностика мен емдеу сапасына әсер етуде.

2012 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша сотталғандардың 20 % әртүрлі аурулар бойынша диспансерлік есепте тұрған, оның ішінде 11599-і – элеуметтік маңызды аурумен ауыратын адамдар, 2110-ы – туберкулездің белсенді түрімен, 1870-і – АИТВ-жұқпасымен, 194-і – сифилиспен, 4055-і – нашақорлықпен, 3564-і – алкогольизммен ауыратын адамдар.

Бас бостандығын шектеудің балама жаза түрін қолдану саласын кеңейту, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың санын төмендету мемлекеттің қылмыстық-атқару саясатының басты бағыты болып қалуда. Сонымен қатар, жазаның осы санатын орындау бойынша жағдай алаңдаушылық тудыруда.

2011 жылы қылмыстық-атқару инспекцияларының есебінен 41105 адам өтті, оның ішінде әйелдер – 6643, кәмелетке толмағандар – 1466. Аталған сотталған адамдар жазасын өтеу кезеңінде 656 қайта қылмыс жасалды. Жаза өтеу тәртібін бұзғаны үшін 1679 шартты сотталғанның сынақ мерзімі ұзартылды. Жаза өтеуден жалтарғаны үшін 192 адам іздестірілуде.

Бұл жағдайлар қылмыстық-атқару инспекцияларының жұмысын түбегейлі жақсарту, сондай-ақ оның құрылымында құрылған пробация қызметін шұғыл түрде енгізу қажеттігін куәландырады.

Сотталғандарды қайта элеуметтендіру саласында да мақсатты мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі шараларды қабылдау қажет.

Салаға арналған күшті және осал жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау.

Күшті жақтары	Осал жақтары
- Қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың нақты айқындалған басым бағыттары; -бас бостандығынан айыру орындарындағы	-қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қанағаттанарлықсыз материалдық-техникалық базасы; -инженерлік-техникалық күзет құралдарының тозуы және моральдық ескіруі; -медициналық қызмет көрсету сапасының жеткіліксіздігі; -сотталған адамдарды жұмыспен қамтудың төмендігі;

жай-күйдің өзгеруіне жедел ықпал ету; -жаза өтеу режимін қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау және арнайы органдардың бөліністерімен жолға қойылған өзара іс-қимыл.	-қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жүйесінің нашар болуынан білікті кадрлардың тұрақсыздығы және қызметкерлердің оң имиджінің б о л м а у ы ; -мемлекеттік органдардың қылмыстық-атқару жүйесінің тиімді қызмет етуіне қажет тиісті шешімдерді және нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамауы.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
- қоғамда қылмыстылық деңгейін төмендету; - бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың с а н ы н тө м е н д е т у ; - қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларын ж е т і л д і р у ; - э к о н о м и к а н ы дамыту; - бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарды жұмыспен қамту; - елдің мәдени әлеуетін дамыту.	қылмыстық-атқару заңнамасының жетілдірілмеуі; - республикадағы сотталған адамдардың жалпы санынан «түрме адамдарының» үлес салмағының басымдығы; - бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталған адамдар арасында, олардың еңбекпен қамтылмауы және қайта әлеуметтендірілмеуі салдарынан қылмыстың қайталану деңгейінің өсуі; - сотталғандардың (тергеу- қамауындағылардың) негізсіз қарсылық білдіру актілері; - бұрын босатылған және жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылған адамдар тарапынан қайта қылмыс жасау фактілерінің өсуі; - сотталған адамдар (тергеу қамауындағылар) санының өсуі.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіру және жұмысының тиімділігін арттыру болып табылады.

Нысаналы индикаторлар мыналар болып табылады:

Р/с №	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	2012	2013	2014	2015
1.	Сотталғандар (тергеу қамауындағылар) жасаған, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әкімшілігі жол берген қылмыстардың үлес салмағын 1000 адамға шаққанда 2013 жылы 1,8 %-ға, 2015 жылы 1,6 %-ға дейін төмендету	%	1,9	1,8	1,7	1,6
2.	Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың арасында өлімнің үлес салмағын 1000 адамға шаққанда төмендету	%	2,9	2,89	2,85	2,8
3.	Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдардың арасында қылмыстың қайталануын 1000 адамға шаққанда төмендету	%	23,1	22,5	20	18,3

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

1. Қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру

Қазіргі таңда қылмыстық саясат өзінің дамуында қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының кешенді жетілуі кезінде сапалы жаңа к е з е н д е да м у д а .

Осы бағытта жүргізіліп отырған жұмыстар шеңберінде бас бостандығын

шектеудегі балама жазаны кеңінен қолдану, сондай-ақ осындай жазалардың жаңа түрлерін енгізу мақсатында қылмыстық жазалар жүйесі де қайта қаралуда.

Бұл жағдайлар қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасының түбегейлі өзгеру қажеттілігін негіздейді.

Бұл ретте осы процестің басты мақсаты заң нормаларын келісуге қол жеткізу ғана емес, сондай-ақ жалпы қылмыстық жазаларды орындау жүйесін жетілдіру, сотталғандардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру, сонымен қатар қылмыстық-атқару жүйесінің қолданыстағы проблемалар жиынтығын шешу болып табылады.

Осыған байланысты 2012 жылы жаңа Қылмыстық-атқару кодексінің тұжырымдамасы әзірленеді.

2. Тәрбиелеу жұмысын, әлеуметтік-психологиялық жұмысты және сотталғандарды жұмыспен қамтуды жақсарту арқылы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың профилактикасы және алдын алу

Ескерту. 2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.01.2014 № 32 қаулысымен.

Аталған мақсатты шешудің нәтижесі мынадай тікелей көрсеткіштердің қорытындысы болып табылады:

1) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әкімшіліктері жол берген сотталғандар (тергеу-қамауындағылар) тарапынан жасалған қылмыстардың үлес салмағын 1000 адамға шаққанда 2012 жылы 1,9 %-ға дейін, 2013 жылы 1,8 %-ға дейін, 2014 жылы 1,7 %-ға дейін, 2015 жылы 1,6 %-ға дейін төмендету (2011 жылы – 0,8 %);

2) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын көтермелеу шаралары қолданылған адамдардың үлесін 2012 жылы 89 %-ға дейін, 2013 жылы 91 %-ға дейін, 2014 жылы 93%-ға дейін, 2015 жылы 95%-ға дейін арттыру (2011 жылы – 86 %);

3) еңбекпен қамтылған сотталғандардың санын 2014 жылы – 11 785 адамға, 2015 жылы – 11 885 адамға дейін арттыру.

Аталған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыру ұсынылады.

Сотталғандардың бос уақытын ұйымдастырудың жаңа нысандары мен әдістерін әзірлеу және енгізу, клуб және үйірме жұмыстарының жүйесін кеңейту, қазіргі заманғы коммуникация жетістіктерін пайдалана отырып, сотталғандарды тәрбиелеу процесін жетілдіру.

Қазіргі заманғы технологияларды енгізу жолымен, сотталғандарға жалпы

білім беру және кәсіптік оқыту мүмкіндігіндігі кеңінен қолданылады.

Бір уақытта қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін оңтайландыру арқылы еңбек және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспектор және нұсқаушы-психологтардың лауазымдарын енгізу мәселелері пысықталады.

Тәрбие жұмыстарымен бірге қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде қылмыстардың алдын алу бойынша шаралар қабылданады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері дербес тексеріп қарау құрылғыларымен, жүктер мен қол жүктерін тексеруге арналған рентген қондырғыларымен жабдықталады. Сотталғандардың рұқсат етілмеген сөйлесулеріне қарсы әрекет ету үшін ұялы байланыс дабылын басу қондырғыларын орнату көзделді.

Ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында 2015 жылы қылмыстық-атқару жүйесінің Орталықтандырылған автоматтандырылған деректер базасы енгізіледі.

Тәрбиелеу процесінің маңызды бағыттары сотталғандарды жұмыспен қамту болып табылады.

Осыған байланысты, қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарындағы қызметтің тиімділігін және сотталғандарды еңбекпен қамтуды арттыру мақсатында «Еңбек», «Еңбек-Өскемен», «Еңбек-Қарағанды» республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын (бұдан әрі – РМК) одан әрі дамыту тұжырымдамасы әзірленеді.

Бұдан басқа, 2012–2015 жылдар аралығында жаңа өндіріс түрлерін ашу, «Еңбек», «Еңбек-Өскемен», «Еңбек-Қарағанды» мемлекеттік республикалық кәсіпорындарының құралдары есебінен қосымша өндірістік қуат көздерін құру, аталған кәсіпорындарда мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру, өндірістік жарақат алуды алдын-алу мақсатында персоналды және сотталғандарды қауіпсіздік техникасына және еңбекті қорғауға оқыту көзделді.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің материалдық базасын жаңғырту және нығайту

Аталған міндеттің тікелей нәтижесінің көрсеткіші жаңғыртылған мекемелер үлесін 2012 жылы 58,5%-ға дейін, 2013 жылы 60,6%-ға дейін, 2015 жылы 65,9%-ға дейін жоғарылату болып табылады.

Көрсеткіштерге қол жеткізу үшін мынадай іс-шараларды орындау қажет.

Бағдарламаны іске асыруың барлық кезеңінде қылмыстық-атқару жүйесінің екі мекемесін қайта қалпына келтіруді аяқтау және үш жаңа мекеменің құрылысын салуды бастау, сондай-ақ 59 мекеменің объектілерін салу және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделуде.

Бұл ретте қылмыстық-атқару жүйесінің объектілерін салуға бірыңғай тұрғыдан келу мақсатында 2012 жылы Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі 5 климаттық өңір бойынша 1500 орынға арналған мамандандырылған түзеу мекемесінің үлгі жобасын әзірледі.

ҚАЖ-дың арнайы контингентін камералық үй-жайларға барынша орналастыру мақсатына қол жеткізу үшін 15 тергеу изоляторының оқшауланған аймақтарын жайластыруға жобалау-сметалық құжаттама әзірленетін болады.

2012 жылы 10 түзеу мекемесіне қазіргі заманғы күзеттің инженерлік-техникалық құралдарын салу жүргізіледі және қылмыстық-атқару жүйесінің 19 мекемесіндегі ескірген күзеттің инженерлік-техникалық құралдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленеді.

Бұдан басқа, қылмыстық-атқару жүйесінің қолданыстағы мекемелерін оңтайландыру шеңберінде, олардың кейбіреулері таратылады және қайта қалпына келтіріледі.

4. Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталған және тергеу-қамауындағы адамдардың денсаулығын жақсарту

Ескерту. 4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.01.2014 № 32 қаулысымен.

Көрсетілген міндетті орындау үшін мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу қажет:

1) сотталған адамдар арасындағы туберкулезден қайтыс болудың үлес салмағын 100 мың адамға шаққанда 2012 жылы 61%-ға дейін, 2013 жылы 60,7%-ға дейін, 2014 жылы 60,3%-ға дейін, 2015 жылы 59,9%-ға дейін төмендету;

2) ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдардың арасында АИТВ-жұқпасының таралуын 2-5% шекте ұстап қалу;

3) қан айналымы жүйесі ауруларынан қайтыс болудың үлес салмағын 100 мың сотталғанға шаққанда 2012 жылы 44,7 %-ға дейін, 2013 жылы 44,4 %-ға дейін, 2014 жылы 44,1 %-ға дейін, 2015 жылы 43,8%-ға дейін төмендету көзделуде (2011 жылы – 45).

Бұдан басқа, 2012 жылы Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне туберкулезге қарсы емдеу-профилактикалық үш мекеменің құрылысы үшін техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуде инвестициялық ұсыныс енгізіледі.

Бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңінде қылмыстық-атқару жүйесінің қолданыстағы емдеу-профилактикалық мекемелерін қайта қалпына келтіру және

күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу шығындары қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып туберкулезбен ауыратындарды зерттеудің бактериологиялық әдісімен толық камту және туберкулез дәрі-дәрмектерінің дәрілік сезімталдығына тестілеу толық камтамасыз етіледі, сотталғандарды жылына кемінде 2 рет флюорографиялық және профилактикалық тексеруге қол жеткізілді.

Бұған қоса 2012 жылы қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық қызметін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына кезең-кезеңмен беру, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің еңбекақысын көтеру және әлеуметтік қорғалу мәселесі бойынша шаралар қабылданады.

5. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың орындалуын ұйымдастыруды жетілдіру

Аталған міндетті шешу келесі көрсеткіштің тікелей нәтижесі болып табылады :

- бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған адамдардың арасындағы қылмыстың қайталану деңгейін 1000 адамға шаққанда 2013 жылы 22,5%-ға, 2015 жылы 18,3%-ға дейін төмендету (2010 жылы – 23,2, 2 0 1 1 ж ы л ы – 1 5 , 9) .

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындаудың тиімділігін арттыру шеңберінде қылмыстық-атқару инспекциясының және оның құрылымында құрылған пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру түбегейлі қайта қаралады. Бұған қоса шартты сотталғандарға арналған электрондық бақылау құралдары енгізіледі, ол олардың жүріс-тұрысын бақылауды жақсартады және олардың арасында қылмыстың қайталануын азайтуға мүмкіндік береді.

6. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларын өтеген адамдарды қайта әлеуметтендіру тиімділігін арттыру есебінен олар жасаған қылмыстардың қайталануын қысқарту

Міндетті іске асыру үшін мынадай көрсеткішке қол жеткізу қажет:

- бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар тарапынан қылмыстың қайталануын жыл сайын 2%-ға, 2012 жылы 19296,2-ге дейін, 2013 жылы – 18902,4-ке дейін, 2014 жылы – 18508,6-ға дейін, 2015 жылы – 18114,8-ге дейін қысқарту (2011 жылы ҚАЖ мекемелерінде бұрын сотталған 19 690 адам ұ с т а л у д а) .

Р/с №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындау үшін жауаптылар	Орын-дау мерзімдері	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1. Қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру								
1.	Қазақстан Республикасы жаңа Қылмыстық-атқару кодексінің тұжырымдамасын әзірлеу	ВАК отырысына заң жобасының тұжырымдамасын енгізу	ПМ	2012 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-
2. Тәрбиелеу жұмысын, әлеуметтік-психологиялық жұмысты және сотталғандарды жұмыспен қамтуды жақсарту мекемелеріндегі қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың профилактикасы және алдын алу								
2.	ҚАЖ мекемелерінде қылмыс жасаудың алдын алу, ескерту және жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Іс-шаралар жоспары	ПМ (жинақтау), ҰҚК (келісім бойынша)	Жыл сайын	-	-	-	-
3.	Тәрбие жұмысын, оның негізгі бағыттарын ұйымдастыру арқылы қасақана құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша сотталғандармен тәрбие жұмысын үлкен және шағын топтарда жүргізу	Есептік мәліметтер	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
4.	Сотталғандар арасында мәдени-бұқаралық іс-шаралар жүргізу	Жоспар	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
5.	Қасақана құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы қолданыстағы заңнама талаптарын жеткізу бойынша сотталғандар арасында сабақтар өткізу	Сабақтар	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
6.	ҚАЖ мекемелерінде «Ашық есік күндерін» өткізу	БАҚ-та сөз сөйлеу	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
7.	Сотталғандар арасында жазғы спартакиада өткізу	Бұйрық	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
8.	Сотталғандардың құқықтық сауаттылығын және олардың бостандыққа шыққаннан кейін нарықтық қатынастар жағдайында бейімделуін арттыру мақсатын-да сотталғандармен әлеуметтік-экономикалық	Сабақтар	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-

	тақырыпта сабақтар өткізу							
9.	ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдардың кәсіби оқуын ұйымдастыру, олардың арасында кәсіби консультациялық, кәсіби бағдарлық жұмыстар жүргізу	Сотталғандарды кәсіптік оқыту	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
10	ҚАЖ кәсіпорындарының қаражаты есебінен жаңа өндіріс түрлерін ашу	Жаңа өндіріс түрлерін ашу	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
11	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында пенитенциарлық психологтарды 2013 – 2014 жылдарда оқыту мәселесі бойынша бюджеттік өтінім енгізу	Бюджеттік өтінім	ПМ	2012 жылғы 2-тоқсан	-	-	-	-
12	«Еңбек», «Еңбек-Қарағанды» және «Еңбек-Өскемен» РМК-ның қызметін одан әрі дамыту және тиімділігін арттыру бойынша тұжырымдама әзірлеу	Тұжырымдама	ЭДжСМ (жинақтау), ІІМ, Еңбекмині, Қаржымині	2012 жылғы шілде	-	-	-	-
13	Бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие өнімдерді өндіру үшін, оның ішінде жеке меншік нысанындағы заңды тұлғалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып «Еңбек», «Еңбек-Қарағанды» және «Еңбек-Өскемен» республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының өндірістік қуат күштерін жаңғырту бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар	ПМ	2012 жылғы 3-тоқсан	-	-	-	-
14	ПМ-нің ведомстволық оқу орындарында ҚАЖ қызметкерлерін діни экстремизм және терроризмге қарсы әрекет		ПМ	2012 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-

	етуге оқыту бойынша арнайы курстар ұйымдастыру	Курстарды аяқтау туралы сертификаттар						
15	ҚАЖ мекемелеріне арналған жеке тексеріп қарау қондырғыларын сатып алу	Қолданысқа қабылдау актісі	ІІМ	2012 жылғы 4-тоқсан	593,082	-	-	-
16	ҚАЖ мекемелерінде жүктерді және қол жүктерін тексеріп қарауға рентген қондырғыларын сатып алу	Қолданысқа қабылдау актісі	ІІМ	2012 жылғы 4-тоқсан	169,456	-	-	-
17	ҚАЖ мекемелерін ұялы байланысты басу қондырғысымен жабдықтау	Қолданысқа қабылдау актісі	ІІМ	2012 жылғы 4-тоқсан	184,790	-	-	-
18	ҚАЖ кәсіпорындарын кезең-кезеңмен техникалық қайта қаруландыру арқылы жарғылық капиталды көбейту	Қазақстан Республикасы Үкіметке ақпарат	ІІМ	2012 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-
19	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол объектілерін қайта жөндеу және салу жөніндегі жұмыстарды орындау үшін ҚАЖ кәсіпорындарының жергілікті атқарушы органдарымен ынтымақтастық жасасуы туралы мәселені пысықтау	Меморандум	ІІМ (жинақтау), облыстар, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері	2012 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-
20	Сотталғандардың еңбек нарығында сұранысқа ие жұмыс мамандықтарын және мамандықтарды алу , сондай-ақ олардың босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу тізбесін кеңейту бойынша шаралар қабылдау	Жоспар	ІІМ (жинақтау), Еңбекмині	2012 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-
21	ҚАЖ кәсіпорындарының өндірістік қызметін қолдауға және дамытуға инвестицияларды тарту	Қазақстан Республикасы Үкіметке ақпарат	ІІМ	2013 жылғы 1-тоқсан	-	-	-	-
22	ТМ аумағында жылы-жай шаруашылықтарын ашу мәселесін пысықтау	Жылыжай шаруашылығының жұмыс істеуі	ІІМ	2013 жылғы 1-тоқсан	-	-	-	-

30	ҚАЖ психологтары үшін өңірлік оқыту семинарларын өткізу	Семинар	ПМ	2014 жылғы 3 - 4 - тоқсандар	-	-	-	-
31	ҚАЖ - дың автоматтандырылған деректер базасын әзірлеу және енгізу	Пайдалануға қабылдау актілері	ПМ	2015 жылғы маусым	-	-	-	617,0*
32	ҚАЖ мекемелерін оңтайландыру шеңберінде қоныс-колонияларында еңбек және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға нұсқаушы лауазымын енгізу	Бұйрық	ПМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-
33	ҚАЖ мекемелерін оңтайландыру шеңберінде нұсқаушы-психологтар лауазымдарын енгізу	Бұйрық	ПМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-

2. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің материалдық базасын жаңғырту және нығайту

34	ҚАЖ-дың 19 мекемесінің ИТКҚ-сына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік сараптама өткізе отырып ЖСҚ әзірлеу:	Құрылыстың сметалық құнын бекіту туралы бұйрық	ПМ	2012 жылғы 3-тоқсан	74,701	-	-	-
	Астана қаласында:							
	ЕЦ-166/1;					6,361		
	ЕЦ-166/5;					7,324		
	ЕЦ-166/10;					8,256		
	Ақмола облысында:							
	- ЕЦ-166/4;					5,460		
	Ақтөбе облысында:							
	- КА-168/1;					0,829		
	- КА-168/5;					5,121		
	Шығыс Қазақстан облысында:							
	- ОВ-156/15;					0,664		
	- ОВ-156/17;					0,685		
	ОВ-156/18;					0,287		
	ОВ-156/20;					3,243		
Жамбыл облысында:								
ЖД-158/1;		1,350						
ЖД-158/2;		3,079						
Қарағанды облысында:								
- АК-159/21;		0,582						

	Қостанай облысында:								
	- УК-161/3;				7,533				
	Павлодар облысында:								
	- АП-162/2;				7,324				
	- АП-162/3;				6,697				
	- АП-162/5				3,666				
	Солтүстік Қазақстан облысында:								
	- ЕС-164/6;				4,944				
	Оңтүстік Қазақстан облысында:								
	ИЧ-167/3				1,296				
	ҚАЖ мекемелерінің объектілеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік сараптама өткізумен ЖСҚ әзірлеу, оның ішінде:	Құрылыстың сметалық құнын бекіту туралы бұйрық	ПМ	2012 жылғы 3-тоқсан	71,904	-	-	-	
	Астана қаласында:								
	ЕЦ-166/5;				4,127				
	Алматы облысында:								
	- ЛА-155/13;				2,135				
	-ЛА-155/14;				1,709				
	ЛА-155/16;				0,831				
	Ақмола облысында:								
	ЕЦ-166/4;				1,087				
	ЕЦ-166/23;				0,126				
	ЕЦ-166/25;				1,178				
	ЕЦ-166/26;				0,395				
	Ақтөбе облысында:								
	КА-168/2;				0,117				
	КА-168/5;				1,264				
	Шығыс Қазақстан облысында:								
	- ОВ-156/2;				1,367				
	- ОВ-156/3;				2,665				
35	- ОВ-156/6;				0,749				
	- ОВ-156/14;				0,386				
	- ОВ-156/15;				0,688				
	- ОВ-156/16;				0,802				
	- ОВ-156/17;				0,199				
	- ОВ-156/18;				1,253				

	- ОВ-156/20;				2,272			
	- ОВ-156/21;				0,045;			
	- ОВ-156/22;				1,275			
	Жамбыл облысында:							
	- ЖД-1587;				1,972			
	Батыс Қазақстан облысында:							
	- РУ-170/1;				2,281;			
	- РУ-170/2;				3,868			
	Қарағанды облысында:							
	- АК-159/5;				1,124			
	- АК-159/7;				0,106			
	- АК-159/9;				2,762			
	- АК-159/21;				0,714			
	Қызылорда облысында:							
	- ЗК-169/4;				0,242			
	Қостанай облысында:							
	- УК-161/2;				11,79			
	Маңғыстау облысында;							
	- ГМ-172/1;				0,5			
	- ГМ-172/6;				0,896			
	- ГМ-172/8;				0,829			
	Павлодар облысында:							
	- АП-162/1;				0,526			
	- АП-162/2;				1,440			
	- АП-162/3;				0,502			
	- АП-162/4;				0,890			
	- АП-162/10;				2,401			
	Солтүстік Қазақстан облысында:							
	ЕС-164/6;				2,107			
	Оңтүстік Қазақстан облысында:							
	ИЧ-167/9				12,284			
	Мемлекеттік сараптамадан өткізумен мына құрылыстарға;	Құрылыстың сметалық бағасын бекіту туралы бұйрық	ПМ	2012 жылғы 3-тоқсан	14,644	-	-	-
36	- Ақтау қаласындағы ГМ-172/6 мекемесінің кәріз жүйесіне;				4,459			
	- Степной кентіндегі ЕЦ-166/26 мекемесінің бу қазандығына;				5,885			

	- Атырау қаласындағы УГ-157/1 мекемесінің асханасына ЖСҚ әзірлеу				4,300			
37	8 түзеу мекемелерінің объектілеріне (асхана, МКЖК, жатақхана шатырлары), оның ішінде :	Орындалған жұмыстардың актісі	ПМ	2012 жылғы 3-тоқсан	141,749	-	-	-
	Астана қаласында:							
	- ЕЦ-166/10;				51,689			
	Қарағанды облысында:							
	- АК-159/5;				29,073			
	- АК-159/6;				6,196			
	- АК-159/18;				27,234			
	Жамбыл облысында:							
	- ЖД-158/2;				5,199			
	Солтүстік Қазақстан облысында:							
	-ЕС-164/3;				3,960			
	- ЕС-164/6;				9,871			
- ЕС-164/8 күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;				8,527				
38	Алматы облысы Заречный кентіндегі 1500 орынды қатаң режимдегі түзеу колониясын қайта қалпына келтіру объектісі бойынша мемлекеттік сараптамадан өткізу арқылы ЖСҚ-ны түзету	Құрылыстың сметалық құнын бекіту туралы бұйрық	ПМ	2012 жылғы 4-тоқсан	33,8	-	-	-
39	ҚАЖ-ның 10 мекемесіндегі ИТКҚ-ға, оның ішінде Ақмола облысында:	Қолдануға қабылдау туралы акті	ПМ	2012 жылғы желтоқсан	3523,827	-	-	-
	- ЕЦ-166/25;				242,194			
	- ЕЦ-166/11;				333,574			
	Солтүстік Қазақстан облысында:							
	ЕС-164/3;				331,359			
	Ақтөбе облысында:							
	- КА-168/2;				581,479			
Қарағанды облысында:								
- АК-159/6;				404,8				
- АК-159/18;				315,633				

46	Өскемен қаласында 1500 орынға арналған тергеу изоляторын салу	Орындалған жұмыстардың актісі	ПМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	52,319	-	2664,435*
47	Орал қаласында 1500 орынға арналған тергеу изоляторын салу	Орындалған жұмыстардың актісі	ПМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	588,564	-	2428,441*
48	Орал қаласында 900 орынға арналған қатаң режимдегі ТК қолданысқа енгізу	Орындалған жұмыстардың актісі	ПМ	2012-2013 жылдардағы 4-тоқсан	871,0	315,154	-	-
49	ЗК-169/5 мекемесін Қызылорда қаласындағы 1000 орынға арналған қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қолданысқа енгізу	Орындалған жұмыстардың актісі	ПМ	2012-2013 жылдардағы 4-тоқсан	1254,0	308,238	-	-
50	15 ТИ-дың режимдік корпустарына оқшауланған учаскелерін жайластыру бойынша күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бюджеттік өтінім енгізу	Бюджеттік өтінім	ПМ	2015 жылғы 2-тоқсан	-	-	-	-
51	15 ТИ-дың режимдік корпустарына оқшауланған учаскелерін жайластыру бойынша мемлекеттік сараптама өткізумен ЖСҚ әзірлеу	Құрылыстың сметалық құнын бекіту туралы бұйрық	ПМ	2015 жылғы 3-тоқсан	-	-	-	116,505*
52	Семей қаласында 1500 орынға арналған тергеу изоляторын салу	Орындалған жұмыстардың актісі	ПМ	2015 жылдың 4-тоқсан	-	-	-	2535,471*
53	Ерекше режимдегі мекемеге қайта құру үшін Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД ЕС-164/6 (ӘК) мекемесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу	Пайдалануға қабылдау туралы акті	ПМ	2015 жылдың 4-тоқсан	-	-	-	643,242*
54	Қатаң режимдегі мекемеге қайта құру үшін Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖД КА-168/3 (ҚК) мекемесін күрделі жөндеу және қайта қалпына келтіру	Пайдалануға қабылдау туралы акті	ПМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	348,0*
55	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД «ЕС-164/6 мекемесі» мемлекеттік мекемесін (Бұйрық	ПМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-

	ӘК) ерекше режимдегі мекемеге қайта құру								
56	Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖД «КА-168/3 мекемесі» мемлекеттік мекемесін (ҚК) қатаң режимдегі мекемеге қайта құру	Бұйрық	ІІМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	
57	Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД ОВ-156/15 мекемесінің барлық объектілеріне күрделі жөндеу жүргізумен оқшауланған учаскелерді стационарға қайта жобалау	Пайдалануға қабылдау туралы акті	ІІМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	570,0*
58	Қарағанды облысы бойынша ҚАЖД АК-159/11, АК-159/17 туберкулезге қарсы мекемелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу	Пайдалануға қабылдау туралы акті	ІІМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	300,0*
59	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД «ЕС-164/4 мекемесі» (Горный кенті, ерекше режим) мемлекеттік мекемесін тарату	Қазақстан Республикасы Үкімет қаулысының жобасы	ІІМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	
59-1	Мемлекеттік жеке меншік серіктестік шеңберінде түзеу мекемесін салу және пайдалану үшін концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізу	Конкурс құжаттамасы	ІІМ	2015 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-	
4. Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталған және тергеу-қамауындағы адамдардың денсаулығы									
60	Туберкулезбен ауыратын адамдарды бактериологиялық зерттеу әдістерімен және туберкулезге қарсы препараттарға дәрілік сезімталдығына тестілеумен қамтуды қамтамасыз ету	Аумақтық денсаулық сақтау департаменттерімен шарттар	ІІМ (Жиынтық), ДСМ	Жыл сайын	-	-	-	-	
61	Туберкулезге қарсы бөлімшелердің, зертханалар мен қақырық жинау бөлмелерінің персоналы үшін жоғары дәрежедегі қорғаныс	Респираторларды сатып алу	ІІМ, ДСМ	2012-2015 жылдардағы 4-тоқсан	19,182	41,134	19,182	19,182*	

	респираторларымен қажеттілікке сәйкес қамтамасыз ету							
62	ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдарды жылына кемінде 2 рет профилактикалық және флюорографиялық тексеруден өткізу	Профилактикалық тексеріс	ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
63	Пенитенциарлық жүйедегі адамдардың арасында АИТВ/ЖИТС таралу мәселесі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізу	ДСМ-ге ақпарат	ДСМ (жинақтау), ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
64	АРТ-терапиясына жататын АИТВ жұққан сотталғандарды антиретровирустық препараттармен қамтамасыз ету	ДСМ-ге ақпарат	ДСМ (жинақтау), ПМ	Жыл сайын	-	-	-	-
65	ҚАЖ мекемелерінде медициналық шаралардың мониторингін жүргізу	Мониторинг нәтижелері бойынша ұсыныстар	ПМ (жинақтау), ДСМ	Жыл сайын	-	-	-	-
66	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.01.2014 № 32 қаулысымен.							
67	ҚАЖ - дың емдеу-профилактикалық мекемелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және қайта қалпына келтіруге мемлекеттік сараптамадан өткізе отырып ЖСҚ әзірлеуге бюджеттік өтінім енгізу	Бюджеттік өтінім	ПМ	2012 жылғы 3-тоқсан	-	-	-	-
68	Сотталғандарға медициналық қызмет көрсететін қызметкерлердің еңбек ақысын көтеру және әлеуметтік қорғалуын арттыру мәселесін пысықтау бойынша шаралар қабылдай отырып, ПМ қылмыстық-атқару жүйесінің медицина саласын ДСМ	Жоспар	ПМ (жинақтау), ДСМ, Еңбекмині, Қаржымині	2012 жылғы 4-тоқсан	-	-	-	-

	қарамағына кезең-кезеңмен беру механизмін әзірлеу							
69	Көптік дәріге көнбейтін, туберкулезбен ауыратын адамдарды толық қамтумен екінші қатардағы туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	Дәрі-дәрмектер сатып алу	ІІМ (жинақтау), ДСМ	(2012 – 2013 жылдардағы 4-тоқсан	94,4	81,446	-	-
70	ДСМ оқу орындарында ҚАЖ-дың медициналық персоналының біліктілігін арттыру	Біліктілікті арттыру туралы куәлік	ІІМ (жинақтау), ДСМ	(2012-2015 жылдардағы 4-тоқсан	19,051	11,840	19,051	19,051*
71	Тарту-шығару желдеткішіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сараптамадан өткізе орырып, жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге бюджеттік өтінім енгізу	Бюджеттік өтінім	ІІМ, ДСМ	2014 - 2015 жылдар	-	-	-	-
72	Қарағанды облысы бойынша ҚАЖД АК-159/11 Республикалық туберкулезге қарсы аурухана базасында туберкулезбен ауыратын адамдарды емдеу үшін фтизиохирургиялық бөлімше құру	Бұйрық	ІІМ	2013 жылғы 1-тоқсан	-	-	-	-
73	Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД ОВ-156/15 мекемесінің базасында 450 кереует орынды бір Республикалық емдеу-профилактикалық мекемесін құру	Бұйрық	ІІМ	2015 жылғы желтоқсан	-	-	-	-

5. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың орындалуын ұйымдастыруды жетілдіру

74	Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды жетілдіру бойынша жергілікті атқарушы органдармен және басқа мемлекеттік органдармен және құқық қорғау органдарымен өңірлік семинар-кеңестер өткізу	Семинар-кеңестер	ІІМ (жинақтау), Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	Жыл сайын	-	-	-	-
----	--	------------------	---	-----------	---	---	---	---

75	Пробация қызметінің есебінде тұрған шартты сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдармен семинар-кеңестер өткізу	Семинар-кеңестер	ІІМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	Жыл сайын	-	-	-	-
76	ҚАИ-ға қызметтік автокөлік сатып алу үшін бюджеттік өтінім беру	Бюджеттік өтінім	ІІМ	2012 – 2015 жылдардағы 2-тоқсан	-	-	-	-
77	Пробация қызметінің ҚАИ құрамындағы жұмысын ұйымдастыру, оның ішінде ІІМ ведомстволық оқу орындарында әлеуметтік бағыттар бойынша ҚАИ қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселесін қарастыру арқылы шаралар кешенін қабылдау	Жоспар	ІІМ	2012 жылғы 3-тоқсан	-	-	-	-
78	Бас бостандығынан шектеуге сотталған адамдарға арналған электрондық бақылау құралдарын сатып алу	Электрондық бақылау құралдарын сатып алу	ІІМ	2015 жылғы 2-тоқсан	-	-	-	3344,305*

6. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларын өтеген адамдарды қайта әлеуметтендіру олар жасаған қылмыстардың қайталануын қысқарту

79	Босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу тәртібі туралы сотталғандарды ақпараттандыруды ұйымдастыру	Түсіндірмелер, әңгімелесулер, сабақтар	ІІМ (жинақтау), Еңбекмині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	Жыл сайын	-	-	-	-
80	Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдар туралы жергілікті атқарушы органдарды ақпараттандыруды ұйымдастыру	Жергілікті атқарушы органдарды хабардар ету	ІІМ	Жыл сайын	-	-	-	-
	Жергілікті атқарушы органдардың және ҚАЖ мекемелері әкімшілігінің бас бостандығынан айыру орындарынан		Астана, Алматы қалаларының,					

81	босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу бойынша өзара іс-қимыл жасасу тетігінің тиімділігін жетілдіру	Бірлескен жоспар	облыстардың әкімдіктері, ПМ	2012 жылғы 3-тоқсан	-	-	-	-
82	Қазақстанда сотталғандарды қайта әлеуметтендіру мәселесін шешуде халықаралық тәжірибені енгізу мүмкіндігі бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс	ПМ	2012 – 2015 жылдардағы 3-тоқсан	-	-	-	-
83	Әрбір облыста бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарды оңалту және әлеуметтік бейімдеу орталықтарын құру мәселелерін пысықтау	Қазақстан Республикасы Үкіметке ақпарат	Астана, Алматы қалалары, облыстардың әкімдіктері	2012 жылғы қараша	-	-	-	-
84	Мамандандырылған әлеуметтік мекемелерді қажет ететін бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан сотталғандарды орналастыру бойынша кешенді шаралар қабылдау	Жоспар	ПМ, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2013 жылғы 1-тоқсан	-	-	-	-
85	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарға арналған жұмыс орындарын квоталауды көбейту туралы ұсыныстарды әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметке ұсыныс	ПМ (жинақтау), Еңбекмині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері	2013 жылғы 1-тоқсан	-	-	-	-
86	2015 жылы ұстаудың жеңілдетілген жағдайына ауыстырылған сотталғандарды ұстау үшін түзеу мекемелерінің жанынан арнайы жатақханалар салу мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасы Үкіметке ақпарат	ПМ	2013 жылғы 1-тоқсан	-	-	-	-
87	Бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарды еңбек және тұрмыстық орналастыру мәселелері бойынша халықты	Семинарлар	ПМ, Еңбекмині, Астана, Алматы қалаларының,	2013 жылғы 3-тоқсан	-	-	-	-

	жұмыспен қамту органдарымен бірлескен семинарлар өткізу		облыстардың әкімдіктері					
88	Республика облыстарының біріндегі түзеу мекемелерінің базасында сотталғандарды босатуға дайындаудың жаңа тетігін саралау бойынша пилоттық жобаны өткізу	Бұйрық	ІІМ	2013 – 2015 жылдардағы 4-тоқсан	-	-	-	-
	Барлығы:			2012 – 2015 жылдар	7457,737	810,029	38,233	13605,632

Е с к е р т п е :

* – сома тиісті жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

МҚІА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

ҚТКША – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

ҰҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

РБ – республикалық бюджет

ВАК – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия

НҚА – нормативтік құқықтық актілер

ҚАЖ – қылмыстық-атқару жүйесі

ҚАИ – қылмыстық-атқару инспекциялары

ҚАЖД – Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті

РМК – республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ТМ – түзеу мекемесі

ТК – түзеу колониясы

ҚК – қоныс-колониясы

ТИ – тергеу изоляторы

ӘК – әйелдер колониясы

МКК – монша-кір жуу кешені
ИТКҚ – инженерлік-техникалық күзет құралдары
ЖСҚ – жобалау-сметалық құжаттама

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК